

## **Сабақтың мақсаты:**

### **1. Білімділік:**

Оқушылардың үш таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу бойынша білімдерін пысықтау.

### **2. Дамытушылық:**

Баған түрінде көбейту мен бөлу жағдайларын негіздеу. Ой - өрісін дамыту, өз бетінше тапсырма орындау қабілетін дамыту;

### **3. Тәрбиелік:**

Ұқыпты, ретті жазу дағдысын қалыптастыру. Адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу.

**Психологиялық дайындық: бір – біріне тілек айту.**

**Сабаққа біз даярмыз  
Жалқаулықты қоямыз  
Үздік оқып әрқашан  
Кілең бестік аламыз.**



**Үй тапсырмасын тексеру.**

№6 , 102-бет.Теңдеулерді шеш.

# Тексер

$$63:x=153-132$$

$$63:x=21$$

$$x=63:21$$

$$x=3$$

$$\underline{63:3=153-132}$$

$$21=21$$

$$80*x=1000-280$$

$$80*x=720$$

$$x=720:80$$

$$x=9$$

$$\underline{80*9=1000-280}$$

$$720=720$$

$$5*x=100:4$$

$$5*x=25$$

$$x=25:5$$

$$x=5$$

$$\underline{5*5=100:4}$$

$$25=25$$

## Сұрақтар:

1.Бұл қандай теңдеулер?

2.Күрделі теңдеуді шешу үшін бірінші не істейміз?

# **Сұрақтар:**

- 1.Қазір қай жыл мезгілі?**
- 2.Көктем айлары?**
- 3.Көктемде қандай ерекшеліктер бар?**
- 4.Өсімдіктер не істейді?**

# Хат


Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен сендерге мына хатты үлкен өтінішпен жолдап отырмын. Маған сендердің көмектерің керек.

Көктем келді, бірақ жер бетін су алып, бәйшешектер шықпай жатыр.

Бүгінгі сабақтағы тапсырмалар дұрыс орындалса, бәйшешектер гүл ашады. Көмектесіңдерші, балалар!!!








**13 наурыз**  
**Сынып жұмысы**  
**«Жазбаша көбейту**  
**және бөлуді**  
**қайталау»**

# 1-тапсырма. Ойын «Кім жылдам».





2-тапсырма. Кесте бойынша өрнек құрастыр және жаз. Олардың мәндерін тап.

Азайтқыш	1000	450	$450*2$	650	780
Азайғыш	$450*2$	$29*2$	$24*3$	$32*5$	500

## 3-тапсырма. Сөз есеп шығару.

Кондитерлік цехта 76 кекс дайындалды. Әр қорапқа 4 кекстен салынып, бірнеше қорап дайындалғаннан кейін, әлі салынбаған 16 кекс қалды. Қанша қорап кекс салынған? Қалған кексті салу үшін қанша қорап қажет?






Сергіту сәті

## 4- тапсырма. «Тир» ойыны .

Қызыл түспен ойыншының бір рет тигізгендегі ұпайының саны көрсетілген. Әр ойыншы қанша ұпай жинағанын анықта.







- 14 ұпай



- 12 ұпай

Мұрат


Дулат


# 5- тапсырма. Баған түрінде есептеу.

$123 \cdot 3$

369

$963 : 3$

321

$870 + 130$

1000

$423 \cdot 2$

846

$996 : 3$

332

$12 + 689$

701

$313 \cdot 3$

939

$824 : 2$

412

$48 + 607$

655

$221 \cdot 4$

884

$484 : 4$

124

$605 - 99$

506

# 6-тапсырма. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$$905\text{кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$950\text{кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$120\text{кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$879\text{кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$102\text{кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

# Сабақты бекіту.

## Тест сұрақтары бойынша жұмыс:

1. 8 ц 45кг-ді кг-ға айналдыр.

- а)800кг      б)845кг      в)853кг



2.  $2.50 \cdot 2$  өрнегіне теңдік қай өрнек сәйкес келеді?

- а)  $600:2$       б)  $900:3$       в)  $450-350$



3.  $(360 - 270):6$  өрнегінің мәні нешеге тең?

- а)8      б)85      в)83




4.  $85:17$  өрнегінің мәні.

- а)6      б)3      в) 5



5. Қалдықпен бөлуді орында. Қай жауап дұрыс?  $60:9$  мнЗн тап.

- а) 6(6 қалд.)      ә) 6 (3 қалд.)      б) 5(6 қалд.)





# «Бәйшешектер гүл ашты»





**Үйге тапсырма:**  
**№4, 105-бет.**

Сабақ аяқталды!  
Сау болыңдар!

